

# Екі теңіз

Сағидың жырларындағы сырышыл лириканы қазір емге таппауызыз мүмкін. Сананы техника билеп барады ғой өйткені. Эу баста темірден сескенген адамзат баласы. Мыстан кемпір, жez тырнақтар сияқты мыс, темірден құйылған жаратылыстар тубіне жетерін сезгенін аңғару қын емес. Тұрмыс техникаға тәуелденген сайын сананың да солай қарай ауарын айтып жатпайық. Ал онаша отырып Саги Жиенбаевты оқысан, ішің жылып қалады.

**Жәнібек ӘЛИМАН,**  
*«Egeten Qazaqstan»*

**К**үн қанша ысып, мезгіл жаз болса да, бәрімізге жетпей жүрген бір жылдылық бар ғой. «Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те, адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте» демей ме Төлеген Айбергенов? Сол сіз бен біз жоғалтып алған немесе бүгінгідей пойыздың алдына түсіп алып жүгірген асығыстық пен қарбаласта айқыш-ұйқыш сана түкпірінің бір жерінде ұмыт қалдыраған іңкәр сезімдер Саги Жиенбаевтан табылады. «Әй, өзі өмір осындағы емес пе, осылай неге сүрмеске?» деп ойланып қаласың. Ал Жұмекен... Жұмекен басқа! Әжелердің, аналардың алақаны мен жүзінен тараған шуақ пен мейірімді ол да жазады, соны жаза тұра тереңдеп кеткен әжімдердің астындағы азап пен қасіретті қоса суреттейді. Өмірдің, уақыттың кешірмейтінін айтады, сөйтсе де адамзаттың да жеңілмейтін рухын ту

еткен Жұмекен Нәжімеденовтей ақын жоққа тән.

«Теңіз, міне» деп ұлы суды екі-ақ ауыз сөзben таныстырады ол.

«Теңіз, міне. Теңіз менің не теңім,  
Теңім менің табынумен өтемін!  
Толқын тулап жаганы асты,

жарды асты,  
Мөлт-мөлт етіп көбік-көздер арбасты.  
Неткен гажап, неткен гажап  
бұл теңіз!

Бұл теңіз бен аспан егіз, бұлт егіз.  
Жатыр шексіз қасіретсіз шалқып ол  
Ұлылықтың, сұлулықтың даңқымен.  
Бас ием мен сол даңққа амалсыз.  
Амалсызыбын, ол күшті де мен әлсіз»  
дейді.

Шындығында, адам табиғат (теңіз) стихиясының алдында қауқарсыз. Бәлкім, өмір сүруіне керектінің бәрін табиғаттан алатын болғандықтан шығар. Оның дүлей күшіне төтеп бере алғанын көрмек түгілі естімдік. Жарайды, мұны айтпағанда, пенде баласының ең әлсіз тұсы өз табиғатының алды емес пе?



Ұятының, арының алдында дәрменсіздік танытып, Құдайлық болмысын тәрк етіп, дүниеге жүтүлған пенде аз ба? Азын-аулақ арзымайтын нәрсеге бола обал-сауаптан аттаған екен, бұл да кісі баласының құштілігі емес, әлсіздігі. Өмірдегі әділетсіздік пен теңсіздіктің бәрі соның салдарынан орын алып жатпай ма? Тағдырының алдындағы дәрменсіздік онсыз да белгілі. Енді келіп теңіздің даңқына бас ұру...

Тура осы теңіз туралы өлеңдер Сагида да аз емес. Жұмекенде де молынан

ұшырасса керек. Бірақ Сагидың теңізі қандай теңізі:

«Ұяң едім, мен де қазір батылмын,  
Теңізбенен бірге түрүп жатырмын.  
Теңізде де жүргіз бар адамның,  
Теңізде де мінезі бар ақынның.  
Сүйеді ол да ақын құсан, ер құсан,  
Көңілі түссе ағыл-тегіл кең құшақ.  
Ол да мендей алақызыба албырттау,  
Ол да мендей... сұлуларга сенгіш-ақ»  
депті бір өлеңінде. Мұнда ешқандай табыну да, женілу де, амалсыздық та жоқ, көрісінше теңіз берен адам өмірін үқсату

түр. Сол арқылы жақындастыру, екі жаратылыстың табиғатын бітістіру байқалады. Сейтіп әкеледі де бүйдейді:

«Ерсі көрме оның ерке қылғын,  
Жүргегіне үңіліп көр, сұлым.  
Кек теңіздің құшагына бір кірсөң,  
Киын болар қайта айналып шығуын...»  
деп қойып қалады. Себебі меніреу теңіз жұта салады. Адамға жұтпас бұрын ойланатын сана берген. Бұл туралы Жұмекеннен асырып айта алмаймыз:

«Теңіз, теңіз, даңқ-атақтың құлы кет,  
Шынында да сен не тындырдың  
ұлы бол?!  
Толқын, тұлан жарға қарғын,  
ал, шық, ал,  
Жаралғаныңды ұмытпа тек  
тамишыдан.  
Тебірен, теңіз, тебіренгенің далбаса,  
Басың сүйен құлайтын  
қара жерің болмаса».

Екі ақын екі түрлі суреттеп жеткізсе де, бейнелеуі әртүрлі болса да, түсіндіруі бір. Кек теңізге айналудың қажеті шамалы. Адам болып қалғаннан абзалы жоқ. Теңізді де бағындыралық ақыл-ой мен күш-куат берген бізге, сосын соның даңқымен өмір сүрудің дәмін бір татқан соң, Саги айтпақшы, «қайта айналып шығуын қын болады». Демек бара-бара теңізге де, тауға да, темірге де айналуы кәдік жаратылыс сана-сезімімен ғана адам. Қалғанынан қайран жоқ.